

Дәрістің тақырыбы: «Дене тәрбиесінің әлеуметтік-құқықтық қызметі және жіктелуі»

Қарастырылатын сұрақтар:

Дене мәдениеті мен спорттың әлеуметтік-құқықтық қызметі.
Дене тәрбиесінің жіктелуі.

1. Дене тәрбиесінің әлеуметтік-құқықтық қызметі:

Дене мәдениеті мен спорт қоғамда көптеген әлеуметтік-құқықтық қызмет атқарады:

Талантық қызмет. Мұның мақсаты - неғұрлым тиімді жүйелерді, әдістерді нәтижелі қалыптастыруға бағытталған.

Хабарлау қызметі. Дене тәрбиесі хабарларының үздігін, озығын жинақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, адамның денсаулығын сақтау, нығайту, спорттық шеберлікті жетілдіру жолдарын, әр түрлі жарыстар өтілуін ақпараттық құралдар (газет-журнал, теледидар, радио) арқылы халыққа хабарлау, тарату.

Тәрбиелік қызметі - адамның адамгершілік, зейінділік, еңбексүйгіштік, шыдамдылық, батылдық, алғырлық, талапшылдық, табандылық, қайсарлық, ерік-жігер, патриоттық және т.б. қасиеттерін қалыптастырады.

Қарым-қатынас қызметі - адамдардың бір-бірімен араласуы, өзара түсінісу жолдары. Спорт жаттығулары, дене тәрбиесі сабақтары, жарыстар адамдарды таныстырады, араластырады, достастырады. Спортшының спорттық дәрежесі артқан сайын оның адамдармен араласу кеңістігі де кеңейеді (аудан, облыс, республика, шетел). Өзара қарым-қатынас қалыптасады, тәжірибе алмасады.

Эстетикалық қызмет - адамдардың талғампаздық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Әсемдікке, сұлулыққа, мәдениеттілікке баулуды көздейді. Көркем мінезді болуға ұмтылдырады. Адамның әсемдікке, мәдениеттілікке, талғампаздыққа деген құштарлығын, дене сымбаттылығын, әсем қимыл-қозғалыс арқылы қанағаттандырады.

Биологиялық қызмет - адамның дене бітімінің, денсаулығының, күнделікті өмірінің қалыпты жағдайда дамып жетілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл аталған қызметтердің өзі *базалық, қолданбалы, емдік, гигиеналық, туристік, бұқаралық театрландырылған* дене тәрбиесі болып жіктеледі.

2. Дене тәрбиесінің жіктелуі.

Базалық дене тәрбиесі - дене тәрбиесі бөлімінен дене дайындықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Бастапқы базалық дене тәрбиесіне мектепке дейінгі және мектеп жасындағы дене тәрбиесі жатады және бұдан кейінгі кезеңдерде де өз деңгейін дамыта береді.

Қолданбалы дене тәрбиесі - дене тәрбиесімен тығыз байланыста болады. Қолданбалы мамандық (ғарыш жағдайында), қолданбалы соғыс (соғыс жағдайында) - дене тәрбиесі жалпы дене тәрбиесі дайындығы негізінде жүргізіледі. Солардың элементтері пайдаланылады. Бірақ әрқайсының жеке мақсаттары бар.

Емдік дене тәрбиесі - денсаулықты сауықтыруға бағытталған. Негізгі мақсаты - дене жаттығулары арқылы дененің уақытша зақымдалған, науқастанған, жарақатталған жағдайын қалыпқа келтіру болып табылады.

Гигиеналық бағыттағы дене тәрбиесі. Адамның күнделікті тұрмысында, жұмыс мерзімі аралығында денені қалыпты жағдайда ұстап, сергек болып, өнімді еңбек етуге бағытталған. Бұған таңертеңгілік гигиеналық гимнастика, жазу сабақтары аралығындағы сергіту минуты, сергіту сәттері және т.б. жатады.

Бұқаралық театрландырылған дене тәрбиесі - соңғы кездері кеңінен насихаттала бастады. Түрлі спартакиадаларда, Олимпиадалық ойындарда, мерекелік іс-шараларда, стадиондарда, алаңдарда орындалатын дене тәрбиесі жаттығулары, музыкамен орындалатын ойын, жаттығу түрлері, әсем киінген, сымбатты көркем көріністер жатады.

Бақылау сұрақтары:

Дене мәдениеті мен спорттың әлеуметтік-құқықтық қызметі?

Дене тәрбиесінің жіктелуі?

Базалық дене тәрбиесінің сипаттамасы?

Қолданбалы дене тәрбиесінің сипаттамасы?

Қолданбалы дене тәрбиесінің сипаттамасы?

Гигиеналық бағыттағы дене тәрбиесінің сипаттамасы?

Бұқаралық театрландырылған дене тәрбиесінің сипаттамасы?

Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Ботағариев Т.А. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі / Оқу құралы. – Ақтөбе, 2017. – 240 б.
2. Холодов Ж.К. Теория и методика физической культуры и спорта. – М.: 2018. – 496 с.
3. Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: «Эверо», 2019. – 309 б.
4. Есіркепов Ж.М. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі / - Алматы: Адал-кітап, 2021. – 289 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аманбаев Р.Р. Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері. Оқу құралы 2014. – 200 б.
2. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 4-ні кітап. Оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 368 б.
3. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физической культуры и спорта. (15-е) изд. «Москва» 2018. – 250 с.
4. Құланова Қ.Қ, Марчибаева Ұ.С. Таңдаған спорт түрінен жалпы және арнайы дене дайындығы. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2018. – 185 б.
5. Әбділлаев Ә.К. Таңдап алған спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі. Оқулық, Түркістан: «Тұмар», 2017. – 217 б.
6. Масалова О.Ю. Теория и методика физической культуры. Учебник. Ростов-на Дону. «Феникс», 2018. – 245 с.
7. Уаңбаев Е.Қ. Дене тәрбиесінің негіздері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Санат», 2000. – 72 б.